«МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» АҚ

АО «ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ФОНД СОЦИАЛЬНОГО СТРАХОВАНИЯ»

БҰЙРЫҚ

27.11.2019

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 202-Ө

город Нур-Султан

Конкурстық комиссия
төрағасын қайта бекіту туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 4 желтоқсанындағы № 434-V Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылдың 11 желтоқсанындағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 61-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ (бұдан әрі – «МӘСҚ» АҚ) Бас директорының орынбасары С.С.Дюсенованың жұмыстан шығуына байланысты «Моноблок» ашық конкурсы бойынша конкурстық комиссия төрағасының кандидатурасы қайта бекітілсін және конкурстық комиссия төрағасы болып «МӘСҚ» АҚ Бас директорының орынбасары С.Ә.Ахмет тағайындалсын.
2. Осы бұйрық оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Негіз: «С.С.Дюсеновамен жасалған еңбек шартын бұзу туралы» «МӘСҚ» АҚ Бас директорының 2019 жылғы 08 қарашадағы №230-ж/қ бұйрығы.

Бас директор **А.Курманов**

001259